

Бекітемін

«Балауса» бөбекжай-

балабақшасының меңгерушісі:

А.М.Жанекешова

05 2023 жыл



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметкер бойынша лауазымдық нұсқаулық

Жалпы ережелер

1.1 Осы лауазымдық нұсқаулық балабақша бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл шараларын іске асыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін лауазымдық міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті белгілейді.

1.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындауға жауапты тұлға ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл заңнамасына сәйкес балабақша меңгерушісінің бұйрығымен тағайындалады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметінің максаттары, міндеттері, қағидаттары мен функциялары

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызметі жұмысының негізгі максаты «Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай - ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі іс - шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтің міндеттері:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ен үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4. сыбайлас жемқорлыққа қарсы — қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйке тиімді іске асыру;

2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) балабақша басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үзліксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функциялары ұсынылады;

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
4. мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
5. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын балабақша қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауын тұрғысынан мониторинг жүргізу;
6. корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту;
7. балабақша қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (болған кезде) сақтауын бақылау;
8. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19

казанындағы № 12 бұйрығына сәйкес. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы акпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

10. сыбайлас жемқорлық фактілері туралы етініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу,

11. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

3.Комплеанс қызметі құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген бекітілген рәсімдер шенберінде балабақша құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын акпарат пен материалдарды сұрата және ала алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді балабақша басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс - қызмет есеп беретін өзге тұлғаның органның қарауына шғаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Казакстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыра және өткізе алады;

6) балабақша туралы акпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;

7) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс – қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы

балабақша басшысын және /немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс - кызмет есеп беретін өзге де аламды (органды) уақытылы хабардар етуге міндетті.

Лауазымдық нұсқаулықты әзірлеген:

«Балауса» бөбекжай-балабақшасының» әдіскері:

Сагизбаева Жансая Жумасейтовна

Таныстым:



31.05.2023 ж.